

Әлібек ӘБДІРАШ,  
«Мысты өңір».

Былыр жер-жерде Ұлы Отан соғысындағы жасампаз Жеңістің 65 жылдығы сән-салтанатымен атап өтілді. Ел басына қатер төнген сол сындарлы сәтте қауіп бұлтын сейілтуге тылдағылар да өлшеусіз үлес қосты. Майдан даласынан жырақта жатқан тылдың тыныс-тіршілігі туралы мұрағаттардағы тарихи деректерден оның да «мылтықсыз майдан» болғанын түсінеміз.

Отан үшін отқа түсуден тайынбайтынын Ұлытау-Жезқазған аймағының жұртшылығы соғыстың алғашқы сәтінен-ақ айқын аңғартты. Қолына қару ұстауға жарайтын азаматтар өз еріктерімен қан майданға аттанды. Ал, тылда қалғандар өздерін жаумен шайқасқан жауынгерлермен бір саптамыз деп серттесті. Олар сол сертте соғыстың соңына дейін тұрды.

Жезқазған ауданы басшылығының алдында тұрған негізгі міндет — тылдағы алуан түрлі өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындары мен мекемелерін қысқа мерзімде майдан мұқтажына жұмысқа жұдырықтай жұмылдырып, біріктіру болды. Өйткені, Қазақстанның ірі өнеркәсіптік орталығы болып табылатын Жезқазған ауданының қорғаныс ісінде алатын орны айырықша еді.

Барлық ұжымды соғыс жағдайына икемдеп жедел қайта құру сенімді тылды қалыптастыруға септігін тигізді. Аймақтағы нысандарды бірегей шаруашылық механизміне біріктіру басқару аппаратының құрылымдарын оңтайландыруға, өндірістік мәселелерді барынша жедел шешуге, сайып келгенде, кен өндіру көлемін ұлғайтуға жағдай жасады.

## Жеңіс жолында

жан аямай жұмыс істеген Ұлытау-Жезқазған аймағының жұртшылығы қолдан келгенін бәрін жасады. Соғыс басталғаннан соң іле-шала 25-26 маусымда өткен Қазақстан Компартиясы ОК-нің V пленумынан кейін Жезқазған кен басқармасында, Қарсақбай мыс қорыту зауытында, Байқоңыр көмір өндірісінде кен мен көмір өндірудің, мыс балқытудың көлемін ұлғайту, социалистік жарысты ұйымдастыру, жаңадан білікті мамандар даярлау бағытында мақсатты жұмыстар жүргізілді. Барлық кәсіпорында соғыс жағдайындағы жұмыс кестесіне көшу мәселесі талқыланған жиналыстар өткізілді. Соғыс өмірге өзгеріс енгізді. Еңбек демалысы естен шықты, жұмыс уақыты ұзартылды, бейбіт мақсаттағы шығындар барынша қысқартылды, Жезқазғанның барлық кәсіпорындары майданға қажетті өнімдер шығаруға көшірілді, жұмыс күші мен шикізат солардың пайдасына қарай қайта бөлінді.

«Отан, партия, халық алдындағы өзіміздің азаматтық борышымызды терең сезіне отырып, біз еселенген қуатпен еңбек ететін боламыз... Жауды толық жоюға қанша қажет болса, біз елімізге сонша мыс беруге тиіспіз» — Қарсақбай металлургия зауытының орденді металлургі М.Көккөзовтың ауысымы осындай шешім қабылдады. Майдан үшін екпінді вахтаға тұрған ауысым металлургтері 1941 жылы 17 қыркүйекте 152 тонна штейн берді. Ал, келесі күні ол көрсеткішті 5 тоннаға арттырды. Қарсақбайлық металлургтер социалистік жарыстың бастамашысы болып қана қоймай, еңбек бәсекесінің алдыңғы қатарында болды.

Мысты мол өндіру үшін шикізатпен қамтамасыз ететін жезқазғандық кеншілерге қарсақбайлықтар 1941 жылы 18 қарашада ашық хат жолдап, қарқынды күшейтуге шақырды. Ол кеншілер тарапынан қызу қолдау тапты. Ауысымдарда, шахта ұжымдарында, партия және кәсіподақ жиналыстарында үндеуді қызу талқылаған олар кен өндіруді қажетті көлемге дейін ұлғайтуға уәде берді. Және жезқазғандық кеншілер

# «Мылтықсыз

# майданның»

берген уәдесін берік ұстанды.

Металлургиялық цехтың инженер-техник қызметкерлері мемлекеттік тапсырманы ұдайы асыра орындауға, екінші мамандық меңгеруге және зайыптары мен қарындастарын жұмысшы мамандығына үйретуге міндеттенеді. Ад байыту фабрикасының ұжымы мыс балқыту жөніндегі жоспардың орындалуын жеделдету мақсатында күніне бір сағат қосымша жұмыс істеуге шешім қабылдайды. Тылда қалған металлургтер мен кеншілер «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен еселі еңбек етеді.

Жезқазғандықтардың алдында кен өндіру көлемін екі есе ұлғайту және жаңа шахталарды қатарға қосу міндеті тұрды. Соғыс басталғаннан кейін басқа саладағы өнеркәсіптік нысандарда құрылыс уақытша тоқтатылып, барлық күш-қуат ескі шахталарды қайта қалпына келтіруге және жаңаларын салуға жұмылдырылды. Барлық күш №31-32, «Петро», «Покро» шахталарының, жөндеу-механикалық зауытының, жерасты жолдарының, су құбырларының құрылысына шоғырландырылды.

Кәсіпорындардағы жұмыс соғыс уақытының талабына сәйкес қайта ұйымдастырылды. Шахталарда жаңа

қашықтықтағы Жезді шатқалынан марганец кенінің мол қорын табады. Ал, 38 күннен кейін, яғни 1942 жылы 12 маусымда кеніш алғашқы кенің тұтынушыларға жөнелтеді. Теміржол құрылысшылары П.К.Жуковскийдің басшылығымен 1942-1943 жылдардың қаһарлы қысында Рудник пәселкесінен Жездіге жол табанын төсейді. Ай сайын кемі 15 тонна құрамында марганеці мол жоғары сапалы браунитті кен өндіріп, тасымалдау міндеті алға қойылады.

1943 жылы Жезді кенішінде кен өндіру 1942 жылмен салыстырғанда үш есе артады. Атап айтарлығы, оның пайдалануға берілуіне байланысты елдегі марганец өндірудегі шығыс аймақтың үлес салмағы 13,7-ден 84,6 процентке жетеді. Жезді кені Оралдың металлургиялық кәсіпорындарына дер кезінде жеткізудің арқасында Магнитогорск зауытында жоғары сапалы прокат өндіру көлемі үш есеге жуық ұлғаяды. Соғыс

онында міндеті Жезқазған кенішінің шеберханасына жүктеледі.

Майданды арнаулы өнімдермен қамтамасыз еткен жергілікті өнеркәсіп те Жеңіс күнін жақындатуға сүбелі үлес қосады. 1941 жылы мамырда, соғыстың алдында ғана тұсауы кесілген өнеркәсіптік комбинат, ал сол жылы маусымда ұйымдастырылған ет комбинаты соғыс жылдары майдандағы жауынгерлерге 6120 шолақ тон, 2000 жұп қолғап, 7000 жұп пима, 20000 шұлық пен шәркей жөнелтеді.

Соғыстың салдарынан жұмыс жағдайы жедел өзгерді, адамдар оған шұғыл икемделіп, тылда ерлікке бергісіз ерен еңбектің жаппай үлгісін көрсетті.

Өндіріс орнындағы, ауылдардағы адам айтса сенгісіз қомақты нәтижелер қажымас қажыр-қайраттың арқасында мүмкін болды. Ұлытау-Жезқазған аймағының жұртшылығы кездескен аса ауыр қиындықтарға қарамастан, жауды өзәпанында талқандауға елеулі үлес қосты. Соғыс жерлестеріміз үшін соншалықты қиын сынақ болды, алайда, олар содан сүрінбей етіп, намысты жоғары ұстады, Отанға деген



жұмыс кестесі жасалды. Жезқазған кеніші Балқаштағы, Қарсақбайдағы, Оралдағы кәсіпорындарды кенмен қамтамасыз етуі керек еді. Жезқазғандық кеншілер соғыстың алғашқы күнінен бастап кен өндіру жоспарын асыра орындауға бағыт ұстады. 1941 жылдың аяғына қарай кен өндірудің тәуліктік жоспары айтарлықтай арттырылды. Мына көрсеткішке көңіл аударсаңыз, көп нәрсеге көзіңіз жетеді: 1941 жылы 35 мың тонна кен өндірілсе, 1942 жылы бұл көрсеткіш 605 мың тоннаға жеткізілген екен.

Соғыс кезіндегі күрделі жағдайда Қарсақбай теміржолының маңызы күрт артады. Соғысқа дейін онымен зауытқа кен мен көмір тасымалданса, кейін оларды Балқаш кәсіпорындарына да жөнелтеді. Сонымен қатар, теміржолмен жұмысшы поселкелеріне азық-түлік, ауданның кәсіпорындары мен дайындау және сауда мекемелеріне керек-жарақтар тасымалданады. Сондықтан, теміржолға деген талап еселеп күшейеді. Теміржол бойындағы апатты азайту, қозғалыс кестесін қатаң сақтау, паровоздар мен вагондарды жөндеудің сапасын арттыру, саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету, паровоздарды сапалы көмірмен және жеткілікті сумен жабдықтау мәселелері күн тәртібіне өткірі қойылады. Рыбалко, Дәуітов, Тихенко, Тюпанов сынды машинистер кәсібі шеберліктің, еңбек және техникалық тәртіпті сақтаудың өнегесін көрсетеді.

Соншалықты қысқа мерзімде Жезді марганец кеніші қатарға қосылады. Қаныш Сәтбаев басшылық жасаған геологтар Жезқазғаннан 45 шақырым

жылдары Жезді марганец кеніші КСРО-да өндірілген осындай шикізаттың 34,6 процентін берген екен. «Кеңес Одағының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы тарихында»: «Шығыс зауыттарында ферромарганец балқытуды ұйымдастыру өзінің маңызы жағынан ірі шайқаста жеңіске жеткенмен тең болды» деп атап көрсетілді.

Байқоңыр көмір шахталарының жұмысына кеп нәрсе байланысты болды. Ауданның өнеркәсіптік торабындағы кәсіпорындардың жоспарды орындауы онда өндірілген көмірдің жеткілікті болуына келіп тірелді. Сондықтан, Байқоңыр шахталарында көмір өндіру қарқыны еселеп арттырылып, оны тұтынушы кәсіпорындарға жеткізу жеделдетілді. Айтмағамбет Сейілов, Құлмағамбет Рахметов сияқты забойшылар өздерінің тапсырмасын үнемі асыра орындады.

Қарсақбай металлургиялық зауыты соғыс жылдары металл беріп қана қойған жоқ. 1942 жылы мұнда 82-миллиметрлік мина шығару жолға қойылды. Төрт ай бойы (наурыздан маусымға дейін) кездескен қиындықты жеңіп және бірқатар күрделі техникалық-ұйымдастырушылық мәселелерін шеше отырып, зауыттың №81 цехы сол жылы шілдеде 4668 мина корпусын дайындады. Сосын КСРО Қару-жарақ халық комиссариатының №15 зауытында оларға қопарылғыш қоспа салып, майданға жөнелтті.

Мина дайындау ай сайын есе түсті. 1942 жылдың соңында барлығы 34150 мина корпусы дайындалып, оның 34030-

перценттік сүйіспеншіліктің ерен үлгісін танытты.

Тылдағылар майданға кеткен әріптестері үшін де еңбек етті. «Өзің үшін ғана емес, майданға кеткен жолдасың үшін де жұмыс істе!» деп ұрандатқан қозғалыстан ешкім шет қалмады. Он норма орындау қалыпты көрініске айналды. Жезқазған кеніштеріндегі Б.Аймаұқанов күніне 40 норма, ал Айгелов пен Ақшалов 20-30 норма орындап рекорд жасады. №12 шахтаның бұрғышысы, ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты А.Сафин 1942 жылы 21 ақпанда бір ауысымда 1400 тонна кен құлатып, құлақ естімеген көрсеткішке жетті. Сол күні тапқан 1200 сом табысын ол Қорғаныс қорына аударды.

Кеншілер мен инженерлер бейбіт өмірде белгіленген ең жоғары нормалардың өзін соғыс жағдайында асыра орындауға болатындығын ісімен дәлелдеді. Соғыстың алғашқы айларында шахталар мен зауытта және басқа кәсіпорындарда жұмысты ұйымдастыруда қайта құрудың нәтижесі игерілмей жатқан резервтердің бар екендігін көрсетті. Жезқазған кәсіпорындары 1942 жылдың маусым-шілдесінде Бүкілодақтық социалистік жарыстың озаттары қатарына қосылды. Ал, 1943 жылдың қазанында Жезқазған мыс комбинаты Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын алғаш рет иеленді. Соғыс жылдары үздік өндірістік көрсеткіштері үшін 16 рет иеленген ол ту ерлікке тең еңбектің белгісі ретінде бүгінде корпорацияның мұражай-көрме кешенінде сақтаулы тұр.

Майдан мен тылдың, әскер мен халықтың мызғымас бірлігі жауды жеңудегі қуатты күш болды.

## Азаматтар аманатын арқалаған

аналар мен арулар да Жеңісті жақындату жолында тылда тынымсыз тер төкті. Майталман мамандардың майданға аттануына байланысты Жезқазған ауданында кадр мәселесі соғыстың бастапқы сәтінен бастап-ақ күн тәртібіне өткір қойылған еді. Алғашқы алты айдың өзінде кәсіпорындардағы жарамды жұмыс күшінің үштен бір бөлігінен астамы Отан қорғау мақсатында қолына қару алды. Олардың орнын басатындар белгіленген жоспарды жедел және сапалы орындау

250-300% орындап, үздік стахановшылармен бір қатарда тұрды. Зауыттың металлургиялық цехында Жомартова мен Ерназарова көпірлі кранның машинистері болып істеді, байыту фабрикасының ұнтақтау цехында моторист Есенова мен ұнтақтаушы Ташенова үздік көрсеткіштерімен көзге түсті. Қолдағы деректерге қарағанда, соғыс басталғанға дейін Қарсақбай байыту фабрикасында тек екі әйел жұмыс істеген екен, ал алғашқы жылдың аяғына дейін олардың қатары отыздан асқан. 1943 жылдың соңына қарай барлық аға флотаторлардың орнын қыз-келіншектер басып, стахановшылардың көшін бастаған. Елдің басына қатерлі күн туғанда кеше ғана кесте тоқудан басқаға көңіл аудармаған қыз-келіншектер мен тек үй

машинистерінің көмекшілері Гудзеева мен Колбасова, электрмен дәнекерлеушілер Пересыпкина мен Гришина, автокөлік жүргізушілер Горювая мен Гомозова, тағы басқалар болды. Қиын-қыстау кезеңде ешкім қол қусырып қарап отырмады. Жұмыстан тыс уақыттың өзінде майдандағы жауынгерлерге сәлем-сауқат дайындап, жөнелтті. Аналар мен арулар қоғамдық жұмыстарда айырықша белсенділік көрсетті. 1943 жылдың қазан айында зауыт кәсіподақ комитетінің қасынан қоғамдық жұмыстарға қатысатын белсенді әйелдердің кеңесі құрылып, майдангерлер отбастарының мұң-мұқтажына қатысты қысқа мерзімде қыруар шаруа тындырды. Мәселен, аталмыш кеңес белсенділерінің бастамасымен 80 жұп пима алынып, мұқтаж жандарға таратылды, 200 тонна отын

бойынша 22 әйел ұжымшар төрағасы, ферма меңгерушісі және ұжымшар басқармасының мүшесі болды. Олар өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқарды. Айталық, қатардағы колхозшыдан төраға болып сайланған Дауылбаева басқарған «Аралтебе» ұжымшары 1943 жылдың жоспарын ауыл шаруашылығы жұмыстарының барлық көрсеткіштері бойынша мерзімінен бұрын орындады. Бұрынғы сауыншы Өтеева «Бірлестік» ұжымшарындағы өзі басқаратын ферманы сүт өндіруден алдыңғы қатарға шығарды. Ал, «Байқоңыр» ұжымшарының сауыншысы Алтын Наурызбаева жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін республика Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. Жалпы Ұлы Отан соғысының отты жылдарында мекемелерде, кәсіпорындар

# қаһармандары

немесе тылдың тыныс-тіршілігі туралы



Жамаал ЖҮСІПОВА

інде электросварщица болып істейді. Жұмыста және үйрену жолында табандылық, әрі қажырлылық көрсетуінің арқасында Жамаал электросварщицалық мамандықты жете меңгеріп алды, сонымен бірге рудникте жақсы даныққа ие болды. Жүсіпова жолдастық атқарған қызметі әрдайым жоғары сапалы болмағандықтан, әрі жұмыс нормасын ол кезінде 30 процент арттырып орындады. Жезді мартанец руднигінің келісімімен Жамаалды маңдай алды өндірісінің бірі деп білсе, оны сонымен бірге қогам жұмысында белсенді қызметкер деп біледі. 1951 жылы рудник жұмысшылары оны сибекшілер депутаттарының Карағанды облыстық Советіне депутат

үшін қол артқан кәсібін мінсіз меңгеруге міндетті болатын. Бірғалып-жырғалуды уақыт көтермейтін. Ер-азаматтардың өндірістегі орнын негізінен аналар мен арулар алмастырды. Кадр мәселесі қысқа мерзімде қалай шешілді? Соғыс жылдары өндіріске қанша әйел тартылды? Олар негізінен қандай кәсіпті меңгерді? Қиын кезеңде қандай нәтижелерге жетті? Енді қалалық мемлекеттік мұрағат деректеріне сүйеніп, осы сауалдар төңірегінде сөзімізді сабақтайық. Жаңадан жұмысшылар даярлаудың негізгі көзі еңбекке қабілетті жамғатты жаппай жұмысқа тарту болатын. Майданға аттанған ерлердің орнын әйелдердің, балалар мен зейнеткерлердің басына тура келді. Өмірлік тәжірибесі мол зейнеткерлер жасының ұлғайғанына қарамастан, өндіріске оралды. Ал, әйелдер мен жасөспірімдерге қатысты күрделі жағдай қалыптасты. Өнеркәсіп орындарының партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары олардың арасында ұйымдастыру мен түсінік жұмыстарын жүргізді. Әңгіме барысында әрқайсысының қандай кәсіпке деген ынта-ықыласы мен икемі бар екендігі, қарым-қабілеті анықталып, соған орай даярлық курстарына жазды. Соғыс басталған жылдың алғашқы төрт айында ғана Жезқазған кеніштерінде жұмыс істеуге 140 әйел мен 25 жасөспірім, ал Қарсақбай металлургиялық зауытына 110 әйел келді. Оларды кәсіби шеберлермен қатар зейнеткерлер мен тәжірибелі жұмысшылар кәсіпке баулыды. Қарсақбай металлургиялық зауытында қаһарлы қырық бірінші жылдың шілдесінен 1943 жылдың желтоқсанына дейінгі кезеңде өндірістік шеберлер мен майталман металлургтер 628 қыз-келіншекті, оның ішінде 291 қазақтың қарақөздерін үйретіп шығарған екен. Ондаған әйел темір жонушы, слесарь, электр монтері, балқыман қалыпқа құюшы болып еселі еңбек етті. Ерлермен үзеңгілесіп екпінді еңбектің үлгісін көрсеткен темір жонушылар — Кузнецова, Боллошова, Корнеева, Павлова, Бесарабова, Балқыма құюшы Қартқожақова, слесарь Қазбекова белгіленген тапсырманы ұдайы

шаруасымен айналысып, бала бағып, күйбең тірлікпен күнін өткізген әйелдер ерлерге тән мамандықтарды игеруді жүрексінебі қолға алды. Жердің беті түгіл астындағы ауыр жұмыстарға барудан жүрексінебеді. Мәселен Байқоңырдағы көмір өндіретін шахтада тек әйелдерден тұратын тұңғыш кешенді забойшылар бригадасы ұйымдастырылып, оған Жанғабылова жетекшілік жасады. Әбдірова, Сыздықова, Асқарова, Федорова сияқты бригада мүшелері ауысымдық тапсырмаларын ұдайы асыра орындап, басқаларға үлгі көрсетті. Соғыс басталғаннан кейінгі бір жыл ішінде Жезқазған кен басқармасы мен Қарсақбай металлургия зауытында жалпы жұмыс істейтіндердің үштен бір бөлігін аналар мен арулар құрады. Айталық, 1942 жылы Жезқазған кен басқармасында 676 әйел шпур оқтаушы (68), бұрғышы (69), компрессор машинисі (42), слесарь (144), теміржонушы (122), электр монтері (32), моторист (15), машинист (15), паровоз жүргізуші (12), машинист көмекшісі (46), әртүрлі құрылысшы (111) мамандықтарын меңгерді. Майданға аттанған жұбайларының, әкелері мен бауырларының орнын басқан олар Жеңісті жақындату жолында жан алып, жан берді десек артық емес. Айталық, Жезқазған шахтасында еңбек еткен 16 жастағы Зинаида Елкина екі скреперді басқарды. Шпур оқтаушы Кәден Иманбаева мен электровоз машинисі Мария Сарек белгіленген тапсырманы ай сайын асыра орындады, машинистер Мария мен Анна Юровскихтер екпінді еңбектің үлгісін көрсетті. Екпінділер қатарында паровоз

түсірілді, 30 тоннаға жуық жем-шөп дайындалды, ағымдағы саяси тақырыпта ондаған әңгіме өткізілді. Сол жылы екі рет жаппай жексенбілік ұйымдастырылып, оған үй шаруасымен айналысатын 380 әйел қатысты. Ауданның қыз-келіншектері майданға жан-жақты жәрдем көрсетудің мүмкіндіктерін қарастырып бақты. Қарсақбайдың өзінен соғыстың бастапқы жылы Қызыл армияның жауынгерлеріне үш жүзге жуық жеке сәлем-сауқат жөнелтілді. 1943 жылдың аяғында Жезқазған ауданы танк колоннасын жасақтау үшін Қорғаныс қорына 3 миллион сомнан артық қаржы тапсырды, майданға 25 тоннадан астам әртүрлі азық-түлік және 4 мыңдай жылы бұйымдар жіберді. Осы шаруаның бел ортасында қоғамдық жұмыспен айналысатын белсенді әйелдер жүрді. Үй шаруасымен айналысатын олар отбасылық қаражаттан қағыстырып 300 мың

мен ұжымшарларда 650 әйел (мұның 350-і қазақ) басшылық қызметтерде болды. Олар өздеріне жүктелген жауапкершіліктің салмағын жете сезініп, майданның тірегі болып табылатын тылдағы жұмысты ұтымды ұйымдастыруға, жұртшылықты жұмылдыруға бойындағы бар қарым-қабілетін сарқа жұмсады. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін майдан үшін, Жеңіс үшін біздің бүгін бастан өткеріп отырған бақытты болашағымыз үшін еңбек етті. Әйелдерді өндіріске тарту оң нәтижесін берді. Бұрын үй шаруасымен айналысқан 900 әйел өндірісте майданға кеткен ерлерінің орнын басты, 1518 әйел жаңа мамандықтарды меңгерді. Олардың өндіріске келуі, басқа түскен ауыртыпалықтың түп төркінін терең түйсінуі қол күшіне тапшылық мәселесін әл-қадірінше оңтайлы шешуге алғышарт жасады.

**На постройку стальных крепостей**

Замечательными патристическими делами выражают свою преданность родные горняки Джезказганского комбината. Они собирают средства на постройку танка Горняк Джезказгана.

Внося свои трудовые сбережения на постройку стальных крепостей, горняки заявляют: — Пусть даже скромные вклады послужат к укреплению мощи Красной Армии, на разгром врага.

Работники комбината тов. Семетович внес в фонд постройки танка 3.000 рублей, по 1000 рублей после т.т. Кочемасов, Кривяков, Прокофьев и много других товарищей.

Коллектив работников одного из шахтоуправлений внес 5 тысяч рублей.

Активно участвуют в благородном патристическом деле помощи фронту и комсомольцы комбината. Они собирают средства на постройку танка «Комсомолец Джезказганского комбината».

Комсомольцы участка, где начальником т. Сергеев внесли на строительство танка 16.000 рублей, 1000 рублей внесли комсомольцы отдела технического контроля.

А. Семетович

сом ақша жинады, жауынгерлерге көптеген жылы киім-кешек дайындады. Әйелдер басшылық қызметтерде де жақсы қырынан көрінді. Соғыс жылдары басшылыққа тағайындалған 24 әйелдің басым көпшілігі көрсетілген сенімді ақтады. Мәселен асхана меңгерушілігінен өнеркәсіптік комбинаттың директорылығына тағайындалған Сайкина саланың жұмысын жедел түрде жүйелі жолға қойды. «Қызыл Жұлдыз» артелінің төрағалығына тағайындалған партбюроның бұрынғы басшысы Бекешова берекесі кете бастаған ұжымды алға шығарды. Бреславская басқаратын «Жаңа тұрмыс» артели облыстық өнеркәсіп одағының ауыспалы Қызыл туын тоғыз ай қатарынан қолдан шығармай, социалистік жарыстың көшін бастады. Тылдағы тірліктің тынысына тоқталғанда аудандағы ауыл шаруашылығы саласында әйелдер атқарған игілікті істерді айтпай кетуге болмайды. Соғыс жылдары аудан

Қыз-келіншектер әскери-қорғаныс жұмыстарынан да қалыс қалмады. Сол бір сұрапыл соғыстың бастапқы үш жылында аудан бойынша майдан даласында жұмыс істеуге қабілетті 68 медбихі мен 70 санитарка, 53 байланысшы, 240 атқыш даярланды. Егер қандайда бір күн туа қалған жағдайда олар сол сәтте майданға аттануға әзір тұрды. Жаратқан ием жар болып, ондай күнге жеткен жоқпыз. Майданға аттанған арыстай азаматтарының аманатын арқалаған аналар мен арулар жанкешті жұмыс жасады және алға қойылған міндетті мінсіз орындады. Жұмыстың жеңіл болмағанын жандүниемізбен сеземіз, сондықтан тылда тынымсыз тер төккен оларды да соғыстың ерлері деп атасақ артықтығы жоқ. Өйткені, Жеңісті жақындатуға қосқан үлестері орасан қиындыққа қайыспаған майданда туғандары мен жақындарын жоғалтқан олар ерекше ерік-жігер танытты, мойымай болашаққа үкілі үмітпен қарады.